

**"Ауруханалық, ана мен бала денсаулығын қорғау ұйымдарының құрылымына және оларды пайдалану барысына қойылатын талаптар" санитарлық ережелері мен нормаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік санитарлық бас дәрігерінің 2002 жылғы 24 маусымдағы N 23 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 8 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1913. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010 жылғы 23 шілдедегі № 533 Бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2010.07.23 № 533 Бұйрығымен.**

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сүйене отырып төмендегі көрсетілген тармақтарды орындауды, бұйырамын: Қараныз K090193

1. Қосымша берілген "Ауруханалық, ана мен бала денсаулығын қорғау ұйымдарының құрылымына және оларды пайдалану барысына қойылатын талаптар" санитарлық ережелер мен нормаларды 2002 жылғы 24 маусымдағы 3.01.083.02 тіркелу номерімен бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

Келісілген  
Қазақстан Республикасы Экономика  
және сауда министрлігінің  
құрылыс істері жөніндегі

2002 жылғы 25 маусым

Бекітілген  
Қазақстан Республикасы  
Мемлекеттік санитарлық  
Бас дәрігерінің бұйрығымен

Комитеттің төрағасы

2002 жылғы 24 маусым N 23

## **АУРУХАНАЛЫҚ, АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫНА ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ БАРЫСЫНА**

### **ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР Санитарлық ережелер мен нормалар**

#### **1. Жалпы ереже**

1. Осы санитарлық ережелер денсаулық сақтау саласындағы атқарушы органдарға, бақылаушы органдарға, барлық салалардағы аурухана ұйымдарына, арнайы стационарларға, ана мен баланы қорғау ұйымдарына (перинатальдық орталық, перзентхана үйі, перзентхана бөлімшесі) өз басшылығында стационары бар ұйымдарға (әрі қарай - ауруханалар) арналған.

2. Осы ереже жаңадан салынып жатқан, қайта жаңартылған, сондай-ақ меншік түріне қарамастан, жұмыс істеп жатқан ауруханаларға таратылады.

3. Санитарлық ережелер мен нормаларды орындау жауапкершілігі, меншік түріне қарамастан, ауруханалардың басшыларына жүктеледі.

4. Осы санитарлық ережелер мен нормаларда төмендегі терминдер п а й д а л а н ы л ғ а н :

1) ауруханалық ұйымдар - стационарлық қадағалау, тексеру, емдеу және ауруларды оқшаулауға байланысты жұмыстарды іс жүзіне асырушы денсаулық сақтау жүйесіндегі шаруашылық субъектілері;

2) ана мен бала денсаулығын қорғау ұйымдары - бұл денсаулық сақтау мекемелерінің, меншік түріне қарамастан, акушерлік және гинекологиялық көмек көрсететін (перзентхана үйі, перзентханалық және гинекологиялық бөлімше, перинатальдық орталық) және педиатриялық көмек көрсететін (балалар ауруханасы, клиникалар, бөлімшелер) әйелдерді босандыратын бөлімшелерге арналған жүйесі;

3) септикалық бөлімше - іріңді жұқпамен ауырған ауруларға медициналық көмек көрсетуге арналған үй-жайлар;

4) асептикалық бөлімше - ауруда іріңді жұқпа болмаған жағдайда медициналық көмек көрсетуге арналған үй-жайлар;

5) обсервациялық бөлімше - жұқпалы аурулардың белгісі бар босанатын әйелдерді жатқызуға арналған перзентхананың, перинатальдық орталық бөлмелері;

6) тұрғылықты халық тұратын аймақ - елді мекендердегі тұрғын және қоғамдық құрылыстар, жалпы пайдаланымдағы көшелер, алаңдар мен ағаштары бар жер учаскесі;

7) санитарлық өткізгіш - адамдарды, олардың киімдері мен аяқ киімдерін санитарлық тазалықтан өткізу үшін арнайы жабдықталған немесе бейімделген үй-жай;

8) шлюз - аурухананың палатасы, бөлімшесі және жалпы дәлізі арасындағы үй-жайдың бөлігі;

9) эпидемияға қарсы режим - ауруханада жұқпалы және паразиттік аурулардың жұғуы мен таралуының алдын алуға бағытталған шаралар кешені;

10) зарарсыздандырушы дәрмектер - қоршаған ортадағы, адамдар мен жануарлардың инфекциялық (паразитарлық) ауру қоздырғыштарын жоятын зат;

11) операциялық блок - аурухананың операция жүргізуге арналған үй-жайының оқшауланған кешені;

12) физиологиялық бөлімше - жұқпалы аурулары жоқ босанатын әйелдерді жатқызуға арналған перзентхананың үй-жайы;

13) аурухана ішіндегі жұқпа - ауруды тексеру мен емдеу кезінде стационарда табылған жұқпалы аурулар;

14) эпидемиологиялық тексеру - эпидемиологтардың, бактериологтардың, санитарлық дәрігерлердің аурухана ішіндегі жұқпаның пайда болу себебін тексеру кезінде жүргізген іс-әрекеттері;

15) биологиялық қалдықтар - хирургиялық операция және босанған кезде алынған мүшелер мен тіндер;

16) қызыл сызық - көше мен аурухана аумағының арасындағы шекара;

17) дефлектор - желдің бағытына қарамастан қолдануға икемделген әр түрлі конструкциялық қалыптағы желдеткіш жүйесінің тарту күшін арттыратын желдеткіш қондырғыларының бөлігі;

18) перинатальдық орталық - жоғарғы және орта перинатальдық қауіп төнген әйелдерге және олардың жаңа туған балаларына, жүкті болуын жоспарлау кезеңінен бастап босанғаннан кейін, қайта оңалтуға дейін жоғарғы біліктілік, мамандандырылған көмек көрсететін консультативтік, ұйымдық-тәсілдік оқу мекемесі болып табылады.

## **2. Емдеу мекемелеріне бөлінген жер бөлігіне және аумағына қойылатын талаптар**

5. Елді мекендерді жоспарлаудың бекітілген бас жоспарына және жобасына сай ауруханалар тұрғылықты халық тұратын, көгалдандырылған аймақта немесе қала шетінде орналасуы тиіс. Елді мекендер орналасқан жерлерде ауруханаларды орналастыру үшін емдеу және палаталы корпусстарды құрылыстың қызыл сызығынан 30 метр және ауруханалар мен перзентханалар ғимаратының қабатына байланысты тұрғын үйлерден кем дегенде 50 метр алыс орналастыру қажет.

Арнайы ауруханалар немесе сыйымдылығы 1000 орыннан артық кешендер, аурулар ұзақ уақыт жататын, сондай-ақ ерекше тәртіппен жұмыс жасайтын ( туберкулездік, психиатриялық) стационарлар қала шетінде немесе шет аудандарда, көгалдандырылған жерлерде (орман, тоғай), тұрғылықты халық тұратын жерлерден 1000 метрден кем емес қашықтықта орналастырылады.

1) аурухана ғимаратын орналастыру, ғимараттары мен үй-жайларын қайта жаңарту мен қайта жабдықтау (қайта жобалау) Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық органдармен Қазақстан Республикасының "

Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Заңының негізінде міндетті түрде келісілуі қажет. Қараныз К090193

2) жер бөлігін таңдаған кезде желдің бас бағытын есепке алу керек. Аурухананы бұрын қоқыс орны болған жерге, ассенизация алаңына, бейіт және мал молалары болған жерлерге, сонымен қатар органикалық, химиялық заттармен бүлінген жерлерге салуға рұқсат етілмейді.

3) ауруханалардың учаскелері темір жолдардан, аэропорттан, автомагистралдардан және қолданылып жүрген нормативтік құжаттарға сәйкес орындалған физикалық факторларға әсер етудің басқа да қуат көздерінен алыс орналасуы қажет.

4) ауруханаларға бөлінген жер бөлігінің көлемін қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес қабылдау керек. Ауруханалардың аумағы көркейтіліп, көгалдандырылуы қажет. Жасыл желектер мен газондардың учаскелерінің жалпы ауданының 60% құрауы керек, ал бау-бақша алаңының ауданы бір науқасқа есептегенде 25 метр квадрат (әрі қарай - м<sup>2</sup>) болуы керек. Елді мекеннің, тұрғын үй құрылысының аумағына орналасқан аурухананың жер бөлігінде, екі қатарлы биік ағаштар мен бұталар қатарынан жасыл желектер отырғызылған жолақтың ені 15 метрден кем болмауға тиіс. Үлкен көлеңке беретін ағаштарды отырғызған кезде, олар стационар ғимаратынан 10 метр артық жақын болмауы керек.

Ауруханалардың жер бөлігі биіктігі 1,6 метрден кем емес қоршаулармен, ал психиатриялық аурулар ауруханасы биіктігі 2,5 метр қоршаумен қоршалуы қажет.

5) аурухана аумағында қатты заттармен жабылған, тегіс, кіріп-шығуға қолайлы жолдар болуы керек. Жаяу адамдар жүретін жолдар мен ішкі жолдар да сол сияқты тегіс, қатты заттармен жабылуы керек. Жеке автокөлік иелерінің тұрақ орны аурухана аумағынан 40 метр қашықтықта орналасуы қажет.

6) аурухана аумағы мынандай аймақтарға бөлінуге тиіс: емхана, патологоанатомиялық корпус; шаруашылық жұмыстар, инженерлік және бау-бақша ғимараттары; климатотерапияға, денешынықтыруға арналған алаңдар болуы тиіс. Вивари тұрмыстық үйлерден 100 метр қашықтықта және палатадан 50 метр қашықтықта орналасуы керек.

7) патологоанатомиялық ғимарат рәсім жасайтын орындармен бірге палаталы корпусан алшақ орналасып, емдеу және босануға қосалқы үй-жайлар, сондай-ақ аурухана учаскесіне жақын орналасқан тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың терезелерінен көрінбеуі қажет. Патологоанатомиялық корпусының палаталық ғимараттардан, ас дайындау блогінің арақашықтығы 30 метрден кем болмауы керек. Рәсім жасайтын орынның бөлек кіріп-шығу жолдары болуы керек.

8) көп салалы аурухана құрамына кіретін жұқпалы, психосоматикалық, тері-венерология және балалар бөлімі бөлек ғимаратта орналасуы тиіс. Егер ауруханаға бөлінген жер бөлігінде емхана ғимараты орналасқан болса, онда емхана жер бөлігінің шетінде орналасып, кіріп-шығу есігі бөлек болуы керек.

9) аурухананың аумағында ауруханаға қатысы жоқ тұрғын үй, құрлыстар мен ғимараттарды салуға рұқсат етілмейді.

10) жұқпалы аурулар ауруханасының аумағы "таза" және "лас" деген бөлікке бөлініп, олар бір-бірінен жасыл желектер қатарымен бөлінуі қажет. "Лас" бөліктен шығар жолда автокөліктерді зарарсыздандырудан өткізетін жабық алаң болуы керек.

11) аурухана учаскесінде орналасқан ғимараттар мен басқа үй-жайлардың аралығы күн сәулесінің, жарықтың жақсы түсуін қамтамасыз ететін болып, шудан қорғалып, жақсы желдетілуі қажет. Емдеу мекемелері үй-жайларының терезелерін орналастырғанда қолданылып жүрген нормативті құжаттарға сай болуы керек. Ғимараттардағы палата терезесінің ара қашықтығы қолданыстағы нормативтік актілерге, құрылыс нормаларына және ережелерінің талаптарына сай (әрі қарай - ҚНЖЕ) негізінде қарсы орналасқан ғимараттың 2,5 биіктігіне тең болуы керек, бірақ 24 метрден кем болмауы тиіс.

6. Ауланы тазарту жұмыстары күнделікті жүргізіліп отырылуы тиіс. Тұрмыстық қалдықтар мен қоқыс жинауға полиэтиленді қаптарға салынған қоқыс жинағыштар пайдаланылады. Қоқыс жинағыштардың қақпағы болу керек және арнайы бөлінген бетондалған немесе асфальтталынған, тазалауға және зарарсыздандыруға ыңғайлы алаңда орналасуы қажет. Қоқыс жинағыш орналасқан алаң қоршалуға тиіс. Қоқыс жәшігі орналасқан жердің палаталы және емдеу-диагностикалық корпусқа дейінгі аралығы 25 метрден кем болмауы керек. Жиналған қоқысты және тамақ қалдықтарын күн сайын шығарып тұру қажет.

1) күнделікті қоқыс жинауға арналған жәшіктер ғимараттың есік алдында, демалу орындарында және аулада (әрбір 50 метр сайын) орналасуы керек, олар күнде тазаланып отырылуға тиіс. Қоқыс жәшіктерін қойған кезде, емдеу мекемесінің ағаш отырғызылған ауласының әрбір 700 шаршы метрге бір жәшіктен қойылады. Негізгі аллеяларда қоқыс жәшіктерінің арасы 10 метр болуы керек.

2) тері-венерологиялық, жұқпалы, онкологиялық, хирургиялық (оның ішінде акушерлік-гинекологиялық) бөлмелердің қалдықтарын бетінде тығыз жабылатын қақпағы бар, саңылауы жоқ қоқыс жинағышқа жинау қажет. Осы ауруханалардың қалдықтары қатты тұрмыс қалдықтарына (қоқысқа) арналған орындарда жойылады.

3) әрбір аурухана аумағында тиісті нормативтік және құқықтық актілерге сәйкес, бекітілген тәртіппен қалдықтарды өртеп жіберуге арналған қондырғы орналастыруға жол беріледі.

4) қалдықтарды жағуға арналған пештер сағатына 100 килограмм өнімділігіне дейінгілер аурухананың шаруашылық аумағында 50 метр аралығында, ал сағатына 100 килограмнан өнімділігі жоғарылары тұрғын үйлерден - 100 метр қашықтықта және корпустан 50 метр қашықтықта орналасады. Мемлекеттік санитарлық қадағалаудың аумақтық органдарының талаптары бойынша белгіленген арақашықтық желдің бағытын, пештің қуаттылығын және басқа да жергілікті шарттарды ескере отырып, үлкейтілуі мүмкін. Қалдықтарды жою үшін тиісті қалалық ұйымдар мен кәсіпорындар (крематорийлер) қатысуы мүмкін.

5) радиоактивті заттары бар қалдықтарды жинау, сақтау және көму жұмыстары, тиісті нормативтік және құқықтық актілерге сәйкес, бекітілген тәртіппен іске асырылуы қажет.

### **3. Үй-жайлардың, имараттар мен жеке ғимараттардың жоспарлы-сәулеттік және құрылымдық шешімдеріне қойылатын талаптар**

7. Аурухана үй-жайларының және ғимараттарының жоспарлы-сәулеттік және құрылымдық шешімдері санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы режимді, науқастардың ауруханада болған уақытында жанға жайлы қызмет көрсететін қызметкерлердің, еңбек және демалыс уақытын қамтамасыз етуі тиіс.

8. Негізгі және қосалқы ғимараттардың ауданы мен құрамы қолданыстағы ҚНЖЕ талаптарына сәйкес жоспарлауға арналған тапсырмалармен белгіленеді.

9. Медициналық жоғарғы оқу орындарының, колледждердің оқу базасы, сондай-ақ денсаулық сақтау жүйесі ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми базалары болып табылатын ауруханаларда, перзентханаларда міндетті түрде студенттерге, курсанттарға арналған оқу бөлмесі, мұғалімдер бөлмесі және қосымша бөлмелер (киім шешетін бөлме, әжетхана, қосалқы бөлмелер) болуы керек.

10. Ғимарат палаталары терезелерінің астыңғы қабатына автокөлік көп келетін травматология пунктін, қабылдау боксын, қабылдау бөліміне кіріп-шығатын есіктерді, ыдыс-аяқ қоятын, жүк тиейтін бөлмелерді орналастыруға рұқсат етілмейді.

11. Емдеу және диагностикалық ғимараттардың ең төменгі және цоколды қабатында мына бөлмелер орналасуына рұқсат етіледі: қойма бөлмесі ( шаруашылық заттарын сақтайтын қойма), қызметкерлердің санитарлық-тұрмыс бөлмелері (шешіну орны, себезгі), санитарлық өткізгіш, науқастардың заттарын

сақтайтын бөлме, буфет және асхана қызметкерлері үшін, орталық кір жинау және сорттау бөлмесі, төсек орнын және клеенкаларды зарарсыздандыру және зарарсыздандыру дәрмектерін сақтау бөлмесі.

Ауруханалардың төменгі және цоколь қабатында мына бөлмелер орналасуға рұқсат етілмейді: шеберхана, улы, қатты әсер ететін, тез жанатын сұйықтар мен жанар май, аккумулятор сақтайтын бөлмелер, қабылдау бөлмесі.

12. Желдеткіш жабдықтарын, жылу тораптарына арналған бөлмелерді, машина бөлімшесімен бірге орналастырылған салқындататын камераларды, электрқалқанды машина бөлімшелері мен лифт шахтасын, шуыл мен дірілдің көзі болып табылатын басқа да үй-жайларды, сондай-ақ автоклавтар мен дезкамераларды, палаталармен, емдеу және ем қабылдау кабинеттерімен араластырып, сондай-ақ олардың үсті мен астыңғы қабаттарына орналастыруға рұқсат етілмейді.

13. Рентген бөлмесін, радиоактивті заттармен жұмыс істеуге арналған бөлмелерді орналастыру қолданылып жүрген нормативтік актілерге сәйкес іске асырылады.

14. Науқастардың төсек орнын кеңейтуге және науқастарды секциялар немесе басқа да үй-жайлар палаталарының коридорларына орналастыруға, сондай-ақ қосымша жоспарда көрсетілген орыннан артық төсек орнын көбейтуге тыйым салынады.

15. Операция жасайтын бөліктер жеке орналасқан қосымша бөлікте (стационар мен коридор арқылы байланысқан бөлек ғимаратта немесе жеке секцияда) орналасуы қажет және барынша тікелей коммуникациядан алыс (лифт, шахта, қоқыс құбыры) орналасқаны жөн. Операция бөлмелеріне персоналдар санитарлық өткізгіш арқылы, ал науқастар шлюз арқылы кіргізілуі қажет.

Операциялық блок бөлек орналасқан, өтуге рұқсат етілмейтін екі бөлімшеден - ішкі бөлмелері қатаң сақталған, септикалық және асептикалық бөлімдерден тұрады. Операциялық бөліктерді орналастырғанда, септикалық операция жасау блогын асептикалықтан жоғары орналастыру қажет. Операция бөлмелеріндегі ағын, негізінен: хирург пен операцияға қатысатын мейірбикеге арналған есікте - "стерильденген", науқасты жеткізетін, анестезиологтің, кіші және техникалық персоналдар жүретін есікте "таза" және қалдықтарды тастайтын, пайдаланылған төсек әбзелдері мен іш киімдерді қоюға арналған есікте - "лас" - деп бөлінуі тиіс. Ағындар тоқтатылмауы немесе жанаспауы керек.

16. Перзентханалардың (бөлімдердің) қабылдау бөлімшелерінде босанатын және жүкті әйелдерді санитарлық тексеру екі түрлі жекешеленген ағын арқылы жүргізіледі: физиологиялық бөлімшеде, жүкті әйелдер патологиясы бөлімшесі мен обсервациялық бөлімшеде.

17. Обсервация бөлімі 1 қабатта орналасады және мүмкіндігінше негізгі ғимаратта (қосымша құрылыста), жүкті әйелдер патологиясы, гинекологиялық және физиологиялық бөлімшелердің үстіңгі қабатына орналастырылады. Вестибюль мен сүзгіштен басқа, барлық үй-жайларды физиологиялық және обсервациялық бөлімдер үшін бөлек орналастыру қажет.

#### **4. Үй-жайлардың ішін әрлеуге қойылатын талаптар**

18. Үй-жайлардың ішкі бетін әрлеу олардың функционалдық тағайындауларына сәйкес орындалуы тиіс. Қабырғалардың, арақабырғалар мен төбе беттері тегіс, ылғалды тазалау мен зарарсыздандыру үшін қолайлы болуы керек.

19. Үй-жайлардың ішкі беттерін әрлеу үшін, ауа арнасы, желдету жүйелері, сондай-ақ сүзгі үшін қолданылатын барлық материалдарға Мемлекеттік санитарлық эпидемиологиялық қадағалау органдарының рұқсаты керек.

20. Палаталар, дәрігерлер бөлмесі, холл, вестибюль, асхана, физиотерапевтік және басқа емдеу кабинеттерінің қабырғаларын силикаттық бояумен (керек болғанда майлы сырмен) құрғақ режимде бояу ұсынылады. Нитробояуларды қ о л д а н у ғ а т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Осы үй-жайлардың төбелерін әрлеу үшін әкті немесе сулы эмульсияны қолдануға болады; еденінде жылуоқшаулағыш заттар (паркет, паркет тақтасы, майлы сырмен сырланған ағаш еден) төселуі керек. Вестибюльде еденге механикалық әсерге төзімді заттар (мрамор қиқымы, мрамор, таскесте (мозайка) еден) төсеу қажет.

21. Ылғалды тазалық жұмысын жүргізетін, сондай-ақ ылғалды ағымдағы зарарсыздандыруды (операция, таңып-байлау, операцияға дейінгі бөлме, сонымен бірге ванна, себезгі, әжетхана, клизма жасайтын бөлме, таза емес төсек әбзелдерін, іш киімдер сақтайтын үй-жайлар) үй-жайларда қабырғаларын толығымен глазуурленген тақтайшамен (плиткамен) және басқа да ылғалға төзімді материалдармен қаптаған жөн. Еденді жабу үшін су өткізбейтін құрылыс материалдарын қолдану қажет. Операция жасайтын, наркоз беретін, босануға арналған бөлменің едендері (жырығы, тесігі болмай) тегіс, жымы барынша толық ж а б ы с у ы к е р е к .

Линолеумнің бір-біріне жалғасатын жымы мінсіз тегіс болуы керек. Линолеум шеті қабырға бетіндегі, еденкемерінің (плинтус) астына кіргізіліп, тегіс етіп бекітілуі керек.

22. Қол жуғышты және басқа да санитарлық-техникалық қондырғыларды, жабдықтарды орналастыратын жерлерде, қабырғалар мен арақабырғаларының ылғалдануына байланысты, қабырғаларда еденнен есептегенде биіктігі 1,6 метр



болатын глазуриленген тақтайшалармен немесе ылғалға төзімді құрылыс материалдарынан жасалуы қажет және әрбір жабдықтың екі жағында ені 20 сантиметр ашық жер болуға тиіс.

23. Радиоактивті заттармен және рентгенкабинеттердің иондық сәуле көздерімен жұмыс істеуге арналған үй-жайларды, сондай-ақ электр жарығымен емдеу, тіс жөндеу, офтальмологиялық кабинеттерді, клиникалық және биохимиялық лабораторияларды және басқа қызмет істеуге арналған кабинеттерді әрлеу нормативтік актілерге сәйкес орындалады.

24. Әртүрлі құрылымдардағы аспалы төбелерді қолдану вестибюльдерде, дәліздерде, холлдарда және операциялық, босанатын, таңып-байлайтын, ем жасайтын үй-жайларға жанаспайтын басқа да қосалқы үй-жайларда қолдануға болады. Құрылымдар мен аспалы төбелерге қажетті материалдар, оларды жинау, тазалау және зарарсыздандыру жүргізу үшін ыңғайлы болуы керек.

## **5. Санитарлық-техникалық, медициналық, технологиялық жабдықтарға, жиһаздарға, керек-жарақтарға қойылатын талаптар**

25. Жаңадан салынып жатқан және жұмыс істеп тұрған ауруханалар су құбырымен, канализациямен, орталықтандырылған ыстық сумен, жылумен, желдеткішпен (керек болған жағдайда ауаны кондициялау жүйесімен) жабдықталуы керек. Биіктігі екі және одан да жоғары қабаттан тұратын ғимараттар лифтпен, қоқыс өткізгіш жолдармен бірге қоқыс жинайтын камерамен, көтеру құрылғыларымен жабдықталуға тиіс.

26. Ауруханалардан шыққан ағынды суларды тазалау және зарарсыздандыру жалпы қалалық канализациялық тазартқыш имараттарда жүргізілуі керек. Жұқпалы аурулар ауруханасының жергілікті тазартатын имараттары болуы керек. Жалпы қалалық тазартқыш имараттар болмаған жағдайда, ауруханалардың ағынды сулары жергілікті тазарту имараттарында тазартылып және зарарсыздандырылуы қажет.

27. Жаңадан салынып жатқан ауруханалар, сондай-ақ істен шығып қайта жаңартуға жататын немесе алдын-ала жөндеу жұмыстарын қажет ететін ысты сумен қамтамасыз ету жүйелері үшін резервте (апаттық) ыстық сумен қамтамасыз ету қарастырылуы қажет; апатты жағдайда қамтамасыз ету үшін, жұмыс істеп жатқан мекемелерге - санитарлық кіріп-шығуға рұқсат беретін пункттерге, операция алдындағы және босану залдарына, емшара жүргізетін, жаңа туған нәрестелер және 1 жасқа дейінгі балалар бөлімшелеріне, санитарлық-тұрмыстық бөлмелерге, жуатын бөлмелерге, буфеттерге, тарататын бөлмелерге, ас блоктарына және басқа да ерекше санитарлық-гигиеналық және

эпидемияға қарсы режимді қажет ететін қызметтік үй-жайларға су жылыту үшін үзіліссіз жұмыс істейтін электр қондырғылары орнатылады.

28. Ауруханадағы барлық технологиялық, санитарлық-техникалық, инженерлік және басқа да жабдықтар, жиһаздар және құралдар қолданылып жүрген актілерге сәйкес келіп, дұрыс жұмыс қалпында болуы керек.

29. Науқастарға арналған палатада (балалар және жаңа туған нәрестелер палатасында) дәрігерлер кабинеттерінде, персоналдың бөлмелері мен кабинеттерінде, дәретханаларда, бокс және жартылай бокс шлюздерінде, балалар бөлімшесіндегі аналар бөлмесінде, емшара жүргізетін, таңып-байлау және қосымша үй-жайларда ыстық және салқын суды араластырғышпен жабдықталған қол жуғыш орнатылуы керек.

1) операцияға дейінгі, байлап-таңу, босану залдары, емшара жүргізетін кабинеттер, нәрестелер палатасының қасына орналасқан мейірбикелер посттары және басқа да қызмет жасайтын медицина қызметкерлерінен қолдарының ерекше тәртіп пен тазалықта болуын талап ететін үй-жайларды шынтак шүмектері орнатылған араластырғышы бар қолжуғышпен жабдықтау қажет. Аталған үй-жайлармен қатар жұқпалы аурулар, туберкулез, тері - мерез аурулары бөлімшелерінде, бокстар, жартылай бокстар шлюздерінде және персоналға арналған дәретханаларда шынтак шүмектері орнатылған араластырғышы бар қолжуғыштар орнатып, сол сияқты барлық дәретханалардың шаю бачоктарын аяқпен басып су ағызатын педальмен жабдықтау керек.

2) нәрестелер палатасында, балаларды жуындыруға жағдай туғызатын астауы кең және араластырғышы бар раковина орнатылуы тиіс.

3) палаталы бөлімшелердің санитарлық бөлмелерінде судналар мен клеенкаларды кептіру мен тазарту үшін кішігірім механикаландырылған құралмен жабдықталуы тиіс.

4) соматикалық ауруханадағы палаталы бөлімшелердің науқастарына арналған санитарлық құралдардың санын мына есеппен алу керек - ерлер дәретханасында 15 адамға бір құрал, ал әйелдер дәретханасында 10 адамға бір құрал. Ерлер дәретханасындағы кіші дәрет орынының саны, унитаз санына тең болуы тиіс.

5) қызмет көрсететін персоналдарға арналған санитарлық-тұрмыстық үй-жайларда: санитарлық құралдар саны екі құралдан кем емес және жуынатын себезгі орнатылған әйелдердің гигиеналық кабинасы және ерлерге арналған бір құрал болуы тиіс; жуынатын себезгісі бар кабина саны мына есеппен алынады: - жұқпалы аурулар және туберкулез аурулары бөлімшелерінде 10 адамға бір жуынатын себезгі кабинасы, басқа бөлімшелерде кезекпен жұмыс істеуі басым орта және төменгі персоналдардың 15 адамына бір жуынатын себезгі кабинасы. Егер персонал саны аз болған жағдайда бір бөлімшеге бір жуынатын себезгі

кабинысы қарастырылады. Операция блогындағы персоналдарға (ерлер және әйелдерге) арналған санитарлық өткізгіштердің әрқайсысының құрамына жеке үй киімдерін және арнайы киімдерін сақтау үшін жапсарлас екі бөлме жоспарлануы керек. Жуынатын себезгі кабиналары (әр санитарлық өткізгіште 2-4 операция жасайтын бригадаға бір жуынатын себезгі кабинасы есебінен) шығатын есік жақта орналастырылып, "Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар", негізінде ішке солар арқылы өту керек.

30. Палатадағы аурухана төсектері ҚНЖЕ талаптарында көрсетілген көлемге сәйкес, бірақ 4 төсектен артық болмауға тиіс. Бір жасқа дейінгі балалар палатасында, сонымен қатар обсервациялық акушерлік бөлімшелердің нәрестелер палатасының орны екі төсектен артық болмауы керек. Палатадағы төсекті терезе қабырғасына паралель орналастыру қажет. Терезесі бар қабырғадан төсекке дейінгі ара қашықтығы 0,9 метрден кем болмауы керек. Төрт орынды палатадағы төсектердің ортасы, төсек пен қабырға арасы, 2-3 орынды палатада 1,2 метрден болмауы тиіс. Төсектің жан-жағының арасы 0,8 метр, ал балаларды жеделдетіп емдеу палатасында 1,2 метрден аз болмауы керек.

Әрбір бөлімше кішігірм механикаландырылған құралдармен (каталка, дәрі-дәрмек, тамақ, төсек тасымалдайтын арба) қамтамасыз етілуге тиіс.

31. Бөлімшедегі киім, төсек әбзелдерін сақтайтын қойма, ылғалды тазалау және зарарсыздандыруға ыңғайлы гигиеналық жолмен жабылған сөрелермен жабдықталуы тиіс. Жалпы киім, төсек әбзелдері стеллажбен, сорттау және қабылдау үшін столдармен жабдықталуы қажет.

## **6. Үй-жайды жылытуға, желдетуге және оның микроклиматы мен ауа ортасына қойылатын талаптар**

32. Жылу беру, желдету жүйелері және ауаны кондиционерлеу үй-жайлардағы микроклимат пен ауа ортасындағы жағдайларды гигиеналық нормалардың талаптарына сәйкес қамтамасыз етуі тиіс. Жылу беру, желдету жүйелері және ауаны кондициялау құрылыстарын жобалауда, салуда (қайта жаңарту) және пайдалануда қолданылып жүрген нормативті құжаттардың ҚНЖЕ негізгі ережелерін басшылыққа алу керек.

1) аурухана ғимараттарының жұқпалы аурулар бөлімшесінен басқаларында механикалық қоздырғышпен жалғасқан сору-желдету жүйелері жабдықталуы керек. Жұқпалы аурулар ауруханасында (бөлімшесінің) бокс және жартылай боксты бөлмелерінде сору желдеткіші, ал әрбір палаталық секцияларында дефлектор қою арқылы гравитациялық қоздырғышпен қосылуы тиіс. Палатадан сору-желдету және жеке каналдар арқылы жүзеге асырылып, тік шығатын ауаның ауысуын болдырмауы керек.

Операция жасайтын бөлмелерден басқа үй-жайлардың барлығында сорып-шығаратын механикалық қондырғышпен қосылған желдеткіштен басқа табиғи желдету болуы тиіс. Терезенің фрамугалары, форточкалары қолдануға жарамды (бұзық емес), дұрыс болуы керек.

2) желдету және кондициялау жүйелері үшін сырттан сорылатын ауа кем дегенде жерден 1,0-2,0 метр биіктікте, таза зонадан алынады. Сырттан қондырғы арқылы ішке берілетін ауа сүзгі арқылы тазалануға тиіс.

Операция жасайтын, наркоз беретін, әйелдерді босандыратын, реанимациялық, операциядан кейінгі, қарқынды терапиямен емдеу, тері күйігі науқастарының палаталарына берілетін ауа бактерицидтік сүзгіш арқылы тазартылып, берілуге тиіс.

3) операция жасайтын, қарқынды терапиямен емдеу палаталары, реанимация, әйелдерді босандыратын, емшара жүргізетін және басқа бөлмелерде жүргізілген медициналық-технологиялық үдерістер барысында ауаға бөлініп шығатын зиянды заттарды сору үшін қажеттілігіне қарай жергілікті сорғыш құралдармен немесе сору шкафтарымен жабдықталуы тиіс.

4) ауруханалардың операция жасайтын, қарқынды терапиямен емдеу палаталарында, реанимация, әйелдерді босандыратын, емшара жүргізетін және басқа бөлмелеріндегі ауаның құрамындағы зиянды заттар 1-ші қосымшада көрсетілген рұқсат етілген қанықпа мөлшерінен аспауы керек.

5) операция жасайтын, наркоз беретін, әйелдерді босандыратын, операциядан кейінгі, қарқынды терапиямен емдеу, реанимациялық палаталарда, тері күйігі ауруларына арналған бір және екі орындық бөлмелерде, жаңа туған, шала туған және жарақат алған балалар палатасында ауаны кондициялау қажет. Кювезбен жабдықталған палаталарда ауаны кондициялау қарастырылмайды.

6) үй-жайлардағы ауаны алмастыру еселігі нормативті құжаттарға сәйкес есепке алынуы тиіс, бұл жағдайда ауаның салыстырмалы ылғалдығы 55-60% аралығында болып, ал ауа қозғалысының жылдамдылығы 0,15 метр секундтан аспауы керек.

7) ауа жүргізетін, тарататын торлар, желдеткіш камералар, желдеткіш қондырғылар және басқа құрылғылар таза күйінде ұсталынып, механикалық зақымдануына, таттануына, герметикалық қабатының бұзылуына жол берілмеуі тиіс.

Барлық дросселдермен жұмыс істейтін құрылғылар жеңіл қозғалатын және олардың жабылу дәрежесін анықтайтын көрсеткіштер болуы керек.

8) жұмыс істеп тұрған желдеткіштер мен электрлі қозғалтқышы реттелген, ырғақты жүрісі бар, жайсыз шу шығармайтын, қондырғының дірілін туғызбауы керек.

9) бөлімшелер мен палаталардағы ауаны алмастыру барысында палаталық бөлімшелер, палаталар арасында, жапсарлас қабаттар арасында ауаның ауысуын барынша шектеу қажет.

10) палатада ауаның оқшауланған тәртібімен қамтамасыз етуді жасау үшін, оларды сыртқа шығару мүмкіндігі басым келетін санитарлық тораппен қатысы бар шлюзбен қосып жобалау керек.

11) баспалдақты-лифт қораптарынан палаталық бөлімшелерге ауаның соғуын болдыртпау үшін олардың аралығында ауаны ұстайтын орталық зонаны қалыптастыру қажет (желдеткіштер дыбысвибрациялық қорғану есебімен, талаптарға сәйкес орнатылуы керек).

Баспалдақтар торы, лифт шахтасы, көтергіш дінгектері, кірлеген төсек-жабдықтарын, киім-кешектерді жинау үшін қаралған орталықтандырылған бөлме сыртқа сорып шығару қызметі басым ауа алмастыратын автономды сорып-шығару желдеткішімен жабдықталуы қажет.

12) сәулеттік-жоспарлау шешімдері және ауаны алмастыру жүйелері палаталық бөлімшелерден және басқа үй-жайлардан операция блогына және ерекше тазалықты талап ететін басқа да бөлмелерге, жұқпаның тасымалдануын болдырмауы тиіс.

13) баспалдақты-лифт торабынан, палаталық бөлімшелерден, және басқа бөлмелерден операция блогына ауа массасының соғуын болдырмау үшін, аталған үй-жайлар мен операция блогының аралығында ауаны ұстайтын құрылғы - шлюз орнатылуы керек.

14) ауа ағысының қозғалысы операция жасайтын бөлмеден оған жалғасып жатқан бөлмеге (операцияға дейінгі, наркоз беретін), ол жерден коридорға шығуы қамтамасыз етілуі керек. Дәлізде сорып, сыртқа шығаратын желдеткіш құрылғысын орналастыру қажет.

15) операция жасайтын бөлменің төменгі зонасынан шығарылатын ауаның көлемі 60%, ал жоғарғы зонадан 40% болуы тиіс. Таза ауа жоғарғы зона арқылы беріледі. Бұл жағдайда кіретін таза ауаның көлемі шығатын ауаның көлемінен 20%-ке артық болуы керек.

16) таза және іріңді операциялар жасайтын бөлмелерде, әйелдерді босандыру блоктарында, реанимация бөлімшесінде, таңу-байлау, палаталық секциялар бөлімшелерінде, рентгенге түсіретін және басқа да арнайы кабинеттерде өз алдына оқшауланған (бөлек) желдеткіштер жүйесінің болуын қарастыру қажет.

17) әрбір мекемеде ауаны кондициялау және желдету жүйелерін пайдалану барысына жауапты адам мекеме бұйрығымен белгіленуі тиіс.

18) ауаны кондициялау, оны өткізу және желдету жүйелеріне алдын-ала тексеру, жөндеу жұмыстары бекітілген кесте бойынша жүргізілуі тиіс, бірақ жылына екі реттен кем емес. Істен шыққан жарамсыз тетіктер мен ақаулар

кідіріссіз жойылып, тез арада жөнделуі қажет. Айына бір рет сүзгішті қарап, тазалап, ауыстыру жұмыстарын жүргізу керек.

19) операция жасайтын, операциядан кейінгі палаталар, әйелдерді босандыратын, қарқынды терапиямен, физиотерапиямен емдеу палаталарында, қатты әсері бар улы заттарды сақтайтын бөлмелерде, дәрі-дәрмектік қоймаларда, дәрі-дәрмектерді дайындайтын бөлмелерде, лабораторияларда, тіс емдеу бөлімшелерінде, амальгам дайындайтын, радиологиялық бөлімшелердің арнайы үй-жайларында және басқа жайлардағы температураны, ылғалдықты және ауа ортасының химиялық заттармен ластануын, желдету жүйелерінің жұмысын бақылап және ауа алмасуының еселігіне тексеру жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар химиялық және басқа заттар мен қосылыстарды қолдану арқылы адамдардың денсаулығына зиянды әсері бар үй-жайларда 3 айда бір рет; жұқпалы аурулар және туберкулезді емдейтін ауруханаларда (бөлімшелерде), вирусологиялық лабораторияларда, рентген кабинеттерін 6 айда бір рет, ал қалған үй-жайларда 12 айда бір рет тексеру жүргізіп, оның қорытындысы актімен рәсімделіп, мекемеде сақталуы керек.

33. Аурухана, перзентхана үй-жайлары мен басқа да стационарлар температураларының есептеу параметрлері нормативтік актілерге сәйкес алынуы керек.

34. Емдеу мекемелерінде жылу жүйесі үй-жайлардың ішіндегі ауаның бір қалыпты жылытылуын барлық жылу беру кезеңінде қамтамасыз етуі тиіс, зиянды заттармен және иіспен ауаның ластануын болдырмай, шуды рұқсат етілген деңгейден асырмай, ағымдағы жөндеу және қызмет көрсету жұмыстарын реттеп отыратын ыңғайлы құрылғымен қамтамасыз етілуі керек.

1) жылу беретін қондырғылар сыртқа қарайтын қабырғаға, терезенің астына, қоршаусыз орналастырылады, әкімшілік-шаруашылық үй-жайларында, балалар ауруханасында және басқа да мамандандырылған бөлімшелерде орналасқан жылу қондырғылары өрнектелген ағашпен, тормен, немесе жылу шығаратын тесігі бар материалмен қапталады. Көрсетілген қорғаушы қондырғыларды орнатқанда жылу қондырғысының бетін 15%-тен артық үлкейту қажеттілігі тумауы тиіс. Бұл күнделікті жұмыста қолдануда және қондырғыларды тазалауда еркін өту мүмкіндігін қамтамасыз етуі керек. Қондырғылардың беті тегіс, сырланған, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізуге қолайлы болып және таза ұсталынуы керек.

2) ауруханалар мен перзентханалардың орталықтандырылған жылу жүйесінде жылу тасымалдаушы болып, қыздыру құралындағы температурасының шегі 85 С су пайдаланылады. Емдеу және әйелдерді босандыруға көмектесетін

мекемелерде, жылу жүйесінің ашық түрінде жылу тасымалдауға әртүрлі сұйықтарды және ертінділерді (антифриз) қолдану ҚНЖЕ сәйкес тыйым салынады.

## **7. Табиғи және жасанды жарықтандыруға қойылатын гигиеналық талаптар**

35. Аурухананың барлық үй-жайлары табиғи және жасанды жарықпен ҚНЖЕ-ге сәйкес қамтамасыз етілуі тиіс.

1) екінші жарық немесе жасанды жарықты пайдалану технологиясы мен ережесі табиғи жарықты талап етпейтін қоймалық үй-жайларда, палаталардағы санитарлық тораптарда, гигиеналық ваннада, клизма жасау, жеке бастың тазалығына арналған бөлмелерде, қызметкерлерге арналған жуынатын себезгі және киім шешетін бөлмелерінде, термостаттық, операцияға дейінгі және операция жасайтын, аппараттық, наркоз беретін бөлмелерде, сурет лабораториясы және кейбір басқа үй-жайларда қолдануға рұқсат етіледі.

2) палаталық секциялардың (бөлімше) дәліздерін табиғи жарықпен қамтамасыз ету ғимараттың шеткі қабырғаларына және жарық қалтасына орналасқан (холл) терезелер арқылы жүзеге асырылады. Жарық беруші қалталар арасы 24 метрден және қалтаға дейін 36 метрден аспауы керек. Емдеу диагностикалық және қосымша бөлімшелердің дәліздерінің шет жағынан немесе қапталынан түсетін жарығы болуы тиіс.

3) жазғы уақытта тікелей түскен күн сәулесінің көз қарықтырар әсерінен және қызып кетуден сақтану үшін, 3 және 4 климаттық аудандарда орналасқан ауруханалардың жарық түсіретін ойықтары көкжиектің солтүстік кеңдіктегі 70-290 градус секторына бағытталған жағдайда, күн сәулесінен қорғану құралдарымен (күнқағар, жалюзі) жабдықталуы керек.

4) жасанды жарық жеткілікті көлемде, реттелетін, қауіпсіз, көз шағылыстырмайтын және адамға басқалай зияны болмауы керек.

5) жалпы жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда, қарастырылуы керек. Сонымен қатар жекеленген қызметтік жұмыс зонасы мен жұмыс орны жергілікті жарықтандырумен қамтамасыз етілуге тиіс.

6) үй-жайларға жасанды жарық люминесценттік шамдар және жай шамдар арқылы жүзеге асырылады. Ұсынылатын жарықтандыру түрі, жарық көзі, шамның түрлері қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес алынады. Орнатуға және қолдануға қарастырылған люминесцентті шамдар шу шығаруы ерекше төменгі деңгейде, қосып-ажырататын реттеу аппаратымен жабдықталуы керек.

7) үй-жайдың төбесіне орнатылған жалпы жарықтандырушы шамдар жарықты тұтас (жабық), шашыратып беруі керек. Палатаға жарық беру үшін (балалар мен психиатрия бөлімшесінен басқа) қабырғаға еденнен 1.7 метр биіктікте, әр төсектің тұсында орнатылған ыңғайлы шамдар (жалпы және жергілікті) қолданылуы тиіс.

8) әр палатада одан басқа түнде жарық беретін арнайы шамдар болуы тиіс. Дәрігерлердің ауруды қабылдайтын кабинетіне науқастарды қарау үшін қабырғалық шамдар орнатылуы қажет.

## **8. Ауруханада жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек және тұрмыс жағдайларына қойылатын гигиеналық талаптар**

36. Негізгі қызметтік, өндірістік үй-жайларда және жұмыс орындарында қызмет көрсетуші медициналық және басқа қызметкерлер микроклиматтың және ауа ортасының нормативті параметрлерімен, сол сияқты ауаның алмасуы және акустикалық тәртіппен ҚНЖЕ-ге сәйкес қамтамасыз етілуі керек.

Палаталар, операция жасайтын бөлмелер, дәрігерлер кабинеттерінде дыбыс деңгейі сағат 7-мен 23 аралығында шамамен 35 децибел А (әрі қарай - дБА), ал сағат 23.00 пен 7.00 аралығында шамамен 25 дБА болуы тиіс.

37. Жабдықтарды орналастыру және пайдалану қатаң түрде еңбекті қорғау мен техника қауіпсіздігінің ережесіне сәйкес жүргізілуі керек.

1) операция жасайтын, әйелдерді босандыратын блоктарда наркоз беретін және басқа аппараттарды дем алатын ауа кеңістігіне түсетін есірткі буларын сіңіретін және шығаратын құрылғыларсыз, сол сияқты газ беру жүйесінің герметизациясы бұзылған жағдайда қолдануға рұқсат етілмейді.

2) емшара жүргізетін, аэрозольді-ингаляциялық кабинеттерде, таңып-байлау, стерилизациялау бөлімшелерінде уыттылығы жоғары дәрі-дәрмектерді қолдануға байланысты манипуляция жасау үшін раковинамен және канализациямен жабдықталған сору шкафтары қарастырылуы қажет.

38. қызмет етуші персоналдарға арналған санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар ҚНЖЕ-ге сәйкес жабдыкталуға тиіс.

1) қызмет көрсететін персоналдарды ыстық тамақпен қамтамасыз ету үшін асхана немесе буфет қарастырылуы қажет. Асхана немесе буфеттегі тамақтанатын орын 100 жұмыскерге шаққанда 10-12 орын есебінен қарастырылуға тиіс.

2) әрбір құрылымдық бөлімшеде персоналдарға арналған ауданы 12 шаршы метрден кем емес, тоңазытқыш, су жылытатын қондырғы және қол жуатын раковинамен жабдықталған бөлмелер қарастырылуы керек.



3) жекеленген мамандандырылған бөлімшелер және кабинеттердің (дәріхана, клиникалық, микробиологиялық және вирусологиялық лабораториялар, орталық стерилизациялау бөлімшесі, физиотерапевтік бөлімшелер, рентген кабинеттер, ас блогы, кір жуатын бөлме, зарарсыздандыру камералары) жұмысы жағдайына қойылатын нақты санитарлық-гигиеналық талаптар Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметімен анықталады.

39. Медициналық персоналдар, оның ішінде зиянды химиялық заттармен жұмыс істейтін немесе жағымсыз өндірістік факторлардың әсері ұшырайтын қызметкерлер міндетті түрде алдын-ала және кезең-кезеңмен қараудан арнайы медициналық тексеруден бекітілген тәртіпке сай өтіп отырулары тиіс.

## **9. Үй-жайлар, жабдықтар, құрал-саймандардың санитарлық жағдайын қалыптастыру**

40. Барлық үй-жайлар, жабдықтар, медициналық құрал-саймандар таза ұсталуы тиіс. Бөлмелерде ылғалды тазарту жұмыстары (едендерді жуу, жиһаздарды, жабдықтарды, терезенің алдын, есіктердің шаңын сүрту) тәулігіне екі рет, қажет болған жағдайда санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен рұқсат етілген жуғыш және зарарсыздандыратын заттарды қолдана отырып, жиірек жүргізіледі. Терезенің әйнегін айына бір рет ішкі жағынан және сырт жағынан ластануына қарай, бірақ кем дегенде 4-6 айда бір рет жуылып тұрылуы керек. Барлық тазарту жұмыстарына қажетті керек-жарақтар (шелек, леген, жуатын, сүртетін шүберек, швабра) болып, қолданылатын үй-жайы, қатысатын жұмысының түрі көрсетілген нақты таңбалары болып, қатаң түрде белгіленген мақсатқа қолданылуы және бөлек сақталуы керек.

41. Кабинеттерде, операция жасайтын блоктарда жалпы тазарту жұмыстары аптасына бір рет жүргізіледі. Үй-жайдың (еден, панелдер) іші зарарсыздандыратын препараттардың тиімді әсері болуы мақсатында алдын-ала сабынды-содалы ертіндімен жуылып, артынан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен рұқсат етілген зарарсыздандыратын дәрмектермен зарарсыздандырылады. Белгіленген экспозициядан кейін үй-жайды таза сумен бір рет қолданылатын шүберектермен жуып, және ультракүлгін сәулесімен екі сағат бойы (тікелей немесе шағылыстырып) өңдейді.

Тазарту жұмыстарын жүргізу үшін персонал таза халат, аяқ киім, бет перде, немесе қажет болған жағдайда шаңтұтқыш, қорғаушы көзәйнек, клеенкадан тігілген алжапқыш, резеңке қолғап киеді. Басқа кабинеттерде жалпы тазарту жұмыстары эпидемиологиялық көрсеткіштерге сәйкес айына бір рет жүргізіледі.

42. Операция жасайтын блоктарда, таңып-байлайтын, әйелдерді босандыратын залдар, реанимациялық палаталар, жаңа туған және шала туған және бір жасқа дейінгі балалар палаталары, емшара жүргізетін бөлмелер, жұқпалы аурулар бокстары, сүт бөлмелеріндегі ауаны зарарсыздандыру үшін әрбір тазарту жұмыстарынан кейін, сол сияқты күнделікті пайдалану барысында ультракүлгін сәулелі шамдармен 30 минут бойы сәулелеу керек.

1) экрандалмаған бактерицидтік шам мынандай есеппен: үй-жайдың бір текше метр көлеміне қуаты 2,0-2,5 ватт жұмсайды.

2) экрандалған бактерицидтік шам мынандай есеппен: үй-жайдың 1 текше метр көлеміне қуаты 1 вт болатын сәуле жұмсап, еденнен 1,8-2,0 м биіктікте орналастырылып және сәуле бөлме ішіндегі адамдарға тікелей бағытталмауы керек. Шамның жұмысын есепке алу арнайы журналда жүргізіледі. Шамның сөндіргіштері бөлмеге кіретін жерде орналасып, "Кіруге болмайды, бактерицидті шам іске қосылған" деген жарықтандырылған көрсеткіш тақтаға қосылуы тиіс. Бөлмеге персоналдың кіруіне УҚС шамы өшіріліп, желдетілгеннен кейін 30 мин өткен соң рұқсат етіледі. Ерекше жағдайда УҚС шамы қосылып тұрғанда персонал міндетті түрде көз әйнек киіп, аз уақытқа кіріп шығуына болады.

43. Аурухана әкімшілігі стационарлардың үй-жайларында жәндіктер мен кеміргіштерге қарсы алдын-алу, тазарту жұмыстарын тұрақты жүргізіп отыруы керек.

44. Ауруханалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 128 қаулысына және басқа да қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес төсек әбзелдері және киім-кешекпен қамтамасыз етілуі керек.

1) аурулардың киім-кешегі ластануына байланысты ауыстырылып тұру керек, бірақ 7 күнде бір реттен сирек емес. Науқастардың жұғындысымен былғанған төсек әбзелдері, киім-кешектер кідіріссіз ауыстыруға жатады. Жаңадан босанған әйелдердің төсек әбзелдерін әр 3 күн сайын, іш киімі мен сүлгілерін, салып қолданатын салфетканы күн сайын қажеттілігіне қарай ауыстырып отыру керек.

2) акушерлік стационарларда (әйелдерді босандыру блогында және асептикалық тәртіптегі жаңа туған балаларға арналған үй-жайларда) стерильденген төсек әбзелдері мен киім-кешектер қолданылуы керек.

3) бөлімшелердегі аурулардың кірлеген киімдері мен төсек әбзелдері арнайы жабық ыдысқа (клеенкадан немесе полиэтиленнен жасалған қаптар, арнайы кірлеген киім-кешекті жинауға жабдықталған арбалар) жиналып, кірлеген төсек әбзелдері мен киімдерді жинақтайтын орталыққа тапсырылуы керек. Бөлімшеде жиналған кір жабдықтары мен киімдерді талдауға рұқсат етілмейді.

4) бөлімшеде жиналған кір жабдықтары мен іш киімдерді уақытша (12 сағаттан артық емес) санитарлық бөлмеде немесе арнайы белгіленген жерде жабық ыдыста (зарарсыздандыруға болатын темір, пластмасса күбішелер, жабық

жәшіктер және басқа ыдыстарда) сақтау керек.

Кірлеген төсек әбзелдері және киім-кешекпен жұмыс істеу үшін персонал ауыстырып киетін санитарлық киіммен қамтамасыз етілуге тиіс (халат, орамал, қолғап, бет перде).

5) таза киім-кешек пен төсек әбзелдері арнайы бөлінген үй-жайда сақталуы тиіс. Бөлімшеде бір күнге жететін таза төсек әбзелдері, киім-кешектің қоры арнайы бөлінген шкафтарда сақталуы керек. Үй-жайларда арнайы оларды сақтау үшін бейімделген орындар немесе кәдімгі шкафтарда сақталуы тиіс.

Төсек әбзелдері мен киім-кешектер және оларды салатын ыдыстар таңбалануы керек.

6) аурулардың төсек әбзелдері мен киім-кешектері ауруханадағы кір жуатын орнында жуылуы тиіс. Аурухананың төсек әбзелдері мен киім-кешектерін қалалық коммуналдық кір жуатын жерлерде жуу, ауруханалық емес кір заттармен араласуына жол бермейтін, арнайы технологиялық желілер бөлінген жағдайда рұқсат етіледі. Жұқпалы аурулар, обсервациялық және ірінді-хирургиялық бөлімшелердің төсек әбзелдері мен киім-кешектері жуудың алдында зарарсыздандырылуы керек.

7) таза және кірлеген төсек әбзелдері мен киім-кешектер арнайы бөлінген көлікпен, кір жуатын жерге, оралған күйінде, тығыз матадан жасалған қаптарға немесе контейнерлерге салынып тасымалданады. Аталған жабдықтарды тасымалдау кезінде былғанбас үшін ыдыстың ақаулары болмауы керек, және оның сыртында мекеменің атауы, "таза" немесе "кірлеген төсек әбзелдері мен киім-кешектер" деп жазылған таңбасы болуы тиіс.

8) емделіп шыққан немесе қайтыс болған әрбір аурудан кейін, сол сияқты кірлеуіне байланысты матрас, жастық, көрпені ауыстырып, одан кейін зарарсыздандыруға жатады.

45. Стационарға түскен аурулар қабылдау бөлімшесінде арнайы санитарлық тазалаудан өтеді. Санитарлық тазалаудан өткеннен кейін ауруға таза іш киім комплектісі, пижама, аяқ киім (тапочка) беріледі. Аурудың өзінің киімдері мен аяқ киімі ілгішімен, арнайы ыдысқа салынып сақтауға, немесе ілесіп келген адамға сақтауға беріледі. Стационарда ауруларға және жүкті әйелдерге өзінің киімін пайдалануға рұқсат етіледі.

46. Бөлімшеде әр ауруға жеке қолдану құралдары бөлінеді: палатада жеке басының тазалығы үшін қолданылатын заттарды пайдалануына рұқсат етіледі. Ауруларды гигиеналық жуындыру 7 күнде 1 рет жүргізіледі.

47. Медициналық көмек көрсететін қызметкерлер күнделікті жұмыс бабында ауыстыратын санитарлық жұмыс киімінің комплектісімен: халат, қалпақ немесе орамал, ауыстырып киетін аяқ киіммен (тапочкамен) жеткілікті көлемде қамтамасыз етілуі қажет. Олар жеке шкафтарда сақталуға тиіс. Қажет болған

жағдайда тез ауыстыру үшін санитарлық киімнің таза комплектісі дайын тұруы керек. Санитарлық киімдер орталықтандырылған кір жуатын жерде, аурулардың киімдерінен бөлек жуылуы керек.

48. Басқа бөлімшелердегі кеңес беретін немесе басқалай көмек көрсететін медициналық персоналдар, стационарлық бөлімшелерде техникалық, әкімшілік-шаруашылық қызмет көрсетуші (оның ішінде уақытша) персоналдар ауыстырып киетін жұмыс киімі және аяқ киімімен қамтамасыз етілуі тиіс.

1) қызметкерлердің жұмыстағы халатымен және аяқ киімімен емдеу немесе әйелдерді босандыру мекемелерінен сырт жерлерге шығуына тиым салынады.

2) жұқпалы аурулар, әйелдерді босандыратын бөлімшелер, операция жасайтын блоктарда практикадан өтуші студенттер емдеу мекемесінің арнайы ауыстыратын киімдерімен қамтамасыз етілуі керек.

49. Дәрігерлер, акушерлер, мейірбикелер әрбір ауруды (босанатын, босанған әйелдер) қарар немесе емшара жүргізер алдында, сол сияқты "кір шараларды" ( бөлмені тазалау, аурулардың төсек-жабдықтарын ауыстыру, дәретханаға барып-шығу) атқарғаннан кейін қолдарын екі рет сабындап жууы керек. Хирургиялық операцияға қатысатын және жараны байлап-таңатын персоналдың, акушерлік стационардағы персоналдың және басқа асептика және антисептика қатаң сақталатын жағдайда жұмыс істейтін медицина қызметкерлерінің қолын тазартып жууы Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

## **10. Ас блогына және буфеттік бөлімшелерге қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар**

50. Ас блогы, жұқпалы аурулар бөлімінен басқа корпустармен және бас корпуспен ыңғайлы жер асты және жер үсті көлік қатынасы бар, бөлек тұрған ғимаратта орналасуы тиіс.

51. Ас блогының қолданылуына, құрылымына, жабдықтарға, буфеттік бөлімшелерге, тағам өнімдерін кулинарлық өндеуден өткізуге және сатуға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сай қойылады.

1) тамақ өнімдерін дайындаған кезде, өндірістің үздіксіз үдерісін қатаң сақтау керек. Дайын өнімдер мен шикізаттардың бірдей өңделуіне орын бермеу керек.

2) барлық ыдыс жуғыштарда (буфеттік бөлімшелерде) ыстық суы құбырмен келіп, ыдыс жуатын ваннаға қосылған және резерв ретінде электрлі титан орнатылуы қажет. Барлық жуғыш ванналар канализация жүйесіне қосылып, су ағысы мен оны қабылдайтын жоғарғы құйығының арасы 20 миллиметр болуы керек.

3) ас блогына келіп түсетін азық-түлік өнімдері қолданылып жүрген нормативті-техникалық құжаттарға сәйкес болып, өнімнің сапасын растайтын ілеспе құжаты бірге жүруі керек. Тағам өнімдерінің ілеспе құжаты жоқ, сақтау мерзімі өткен, бұзылған белгілері болған жағдайда Қазақстан Республикасының "Сертификаттау туралы" Заңының негізінде оларды қолдануға рұқсат етілмейді. Қараныз Z040000603

52. Тамақ түрлерінің мәзірін жасағанда белгіленген тәртіп бойынша жасалған тамақтану нормасы есепке алынуы қажет. Аурулардың тағамы әртүрлі болып, химиялық құрамы, энергиялық құндылығы, азық-түлік түрлері, тамақтану тәртібі жағынан емдеу көрсеткішіне сәйкес болуы керек.

Тамақ түрлерінің мәзірін жоспарлау барысында, сол сияқты азық-түлік түрлерін ауыстыратын күндері олардың химиялық құрамы мен нәрлілігі есепке алынуы керек.

53. Бөлімшелерге тағамды таратар алдында оның сапасы тамақты дайындаған аспазшымен, сонымен қатар сапасыз өнімді іріктеуші комиссиямен тексерілуі тиіс. Сапасыз өнімді іріктеуші комиссияның құрамына дәрігер-диетолог (дәрігер болмаған жағдайда - диетбике), өндіріс меңгерушісі (бас аспазшы) ауруханадағы кезекші дәрігер кіреді.

54. Күнделікті ас блогында пісірілген тамақтың тәуліктік сынамасы қалдырылуы керек.

55. Тамақты таратар кезде, бірінші тамақтың және ыстық сусындардың температурасы 75 С, екінші - 65 С төмен болмауы, салқын тағамдар мен сусындар 7 С-тан 14 С дейін болуы керек. Таратарға дейін бірінші және екінші тағамдардың ыстық плитада екі сағатқа дейін тұруына болады. Күні бұрын дайындалған тамақтың қалдықтарын сол күні жаңа піскен тамаққа араластыруға тыйым салынады.

56. Ас блогында бөлімшелерден түскен ыдыстарды, құралдарды жууға рұқсат етілмейді.

57. Ас блогының қоймалық үй-жайларында айналымдағы ыдыстар мен тағам таситын контейнер - арбаларды жуатын бөлме қарастырылуы тиіс. Ішінде жүргізіледі, ол жерде шайынды суы канализацияға қосылған алаң қарастырылуы қажет.

58. Дайын тамақты буфеттік бөлімшелерге тасығанда термостар, арнайы арбалар немесе қақпағы қатты жабылатын ыдыстар пайдаланылады. Ас блогы мен буфеттік бөлімшелерде зақымданған (эмалі түскен) эмальды ыдыстарда (шелек, кастрюль) дайын тамақ пен азық-түлікті тасымалдауға және сақтауға тыйым салынады.

59. Нанды полиэтиленді және пленкалы қаптарға салып тасу керек, бірақ оларда нанды сақтауға рұқсат етілмейді.

60. Ас блогында жууға және зарарсыздандыруға қолданатын заттар мен тазартуға қажетті құралдарды сақтайтын бөлме болу тиіс. Тазартуға қолданылатын құралдар таңбаланып, ал жуғыш және зарарсыздандыратын заттар таңбаланған ыдыстарда сақталуға тиіс.

61. Ас блогы мен буфет бөлімшелерінің арнайы жұмыс киімдері тек кір жуатын орындарда жуылуы керек. Киімдерді ас блогының үй-жайларында немесе үйде жууға тыйым салынады.

62. Буфеттік бөлімшелерде бөлек екі бөлме (9 шаршы метрден кем емес) және ыдыс жуатын үш ұялы ванна орнатылған бөлме (6 шаршы метрден кем емес) қарастырылуы керек.

63. Ауруларға тағамды буфетші немесе бөлімшенің кезекші мейірбикелері тағамды пісіріп, бөлімшелерге әкелгеннен кейін, екі сағат ішінде таратуы қажет.

64. Тағамның белгіленген емдәмге сәйкес таратылуына аға мейірбике бақылау жүргізеді. Тағамды кіші медициналық қызмет атқарушы персоналға таратуға рұқсат етілмейді.

65. Бөлімшелердегі ауруларға арналған сәлемдемені қабылдайтын жерлерде рұқсат етілетін және тыйым салынатын азық-түлік түрлерінің тізбесі (көлемі, саны көрсетіліп) ілініп қойылуы керек. Бөлімшедегі кезекші мейірбике күнделікті тоңазытқыштар мен тумбалардағы тағамдардың сақталу мерзімінің орындалуын тексеріп отыруы керек.

1) ауруларға арналған үйінен келетін тамақ түрлері целлофан пакеттерге салынып, сыртында науқастың аты-жөні, берілген күні жазылып, берілуі керек. Сақтау мерзімі өткен, целлофан пакетке салынбаған (тоңазытқыштардағы), науқастың аты-жөні көрсетілмеген, бұзыла бастаған тамақтар анықталған жағдайда, олар алынып, тамақтың қалдықтарына тасталады.

2) үйден келген тамақтың сақталу ережесімен ауру бөлімшеге келген уақытта таныстырылуы тиіс. Бөлімшелердегі кезекші мейірбикелер үйден әкелінген тамақтың емдәмге сәйкестігін, оның санын, сапасын тексерулері керек.

## **11. Аурухананың ішіндегі жұқпаны бақылауды ұйымдастыру**

66. Ауруханада ауырудың пайда болу жағдайларын анықтау мен тіркеу, оларға эпидемиологиялық зерттеу жүргізу, жұғудың механизімі мен себебін, қоздырғыштарды анықтау, оларды жоюға арналған шараларды дайындау кіретін аурухана ішіндегі жұқпаларға жұқпаны бақылау жүйесі енгізілуі керек.

67. Аурухана ішіндегі жұқпанының (3 және одан да көп жағдайлар) бір топ жағдайларын және әрбір сепсис жағдайын эпидемиологиялық тексеру

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен бірге жүргізіледі.

68. Паталогоанатомиялық қызмет ай сайын тұрғылықты жердегі амбулаториялық-емханалық мекемелерге аурухана ішіндегі жұқпа талдауындағы пациенттердің ауруы және жұқпадан қайтыс болған аурулар туралы мәліметтерді жіберіп отырады.

69. Аурухананың персоналдары жұқпаны бақылау бойынша дайындығы болып және бұл салада өзінің біліктілігін тұрақты арттырып отыру керек.

70. Ауруханалар өзінің құрамында микробиологиялық лабораториялары болуы керек және тікелей "аурудан" зерттеу жүргізу мақсатында зарарсыздандыру, стерилизациялау тәртібінің сапасын сақтауға мониторинг жүргізуі қажет.

71. Ауруханаға өзінің бактериологиялық лабораториясы жығынды әдісімен ай сайын, хирургиялық және таңғыш заттарға жетісіне бір рет бақылау жүргізіп отырады.

72. Медицина қызметкерлері медициналық емшаралар (ине егу, қан алу және тексеру, құю, тамырға түтік сүнгі қою) жүргізу кезінде қолғаптар киюі керек. Қолданылған инелерге қайтадан қалпағын кигізуге; инені майыстыруға және сындыруға, инені ауыстырып емшара жасауға тыйым салынады. Қолданылған шприцтерді, инелерді, системаларды арнайы, төзімді ыдысқа салып, күйдіру арқылы немесе өндірістік өңдеуден өткізу арқылы пайдаға асыру жүргізіледі.

73. Әр науқасқа емшара жүргізгеннен кейін қолды сабынмен жылы суға екі рет жуып, қолғапты шешіп қолды қайта жуу керек. Қол сүртуге күнде ауыстырылатын орамал немесе бір рет қолданатын салфетка қолданылуы тиіс. Қол қанмен, сілекеймен былғанған жағдайда, оны Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары рұқсат еткен зарарсыздандыратын ерітінділердің біріне малынған тампонмен кідіріссіз тазалау қажет.

74. Лабораториялық тексерулердің номенклатурасы 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес жүргізіледі.

"Ауруханалық, ана мен бала денсаулығын қорғау ұйымдарының құрылымына және оларды пайдалану барысына қойылатын талаптар туралы" санитарлық ережелер

мен нормаларға

1 - қ о с ы м ш а

Емдеу-профилактикалық ұйымдарының ауасының құрамын бақылауды қажет ететін заттардың тізімі және олардың жіберілетін шеткі

концентрациясы (әрі қарай - ЖШК әсер ететін шамадағы қауіпсіздік деңгейі (әрі қарай - ӘШҚД))

| N  | Заттардың атауы      | Жұмыс аумағын. дағы ауаға қой.   | Елді мекендердегі атмосфералық ауа.   | Қауіпсіздік тобы          |
|----|----------------------|--|---|---------------------------|
|    |                      | ылатын жалпы санитарлық-гигиеналық талаптар (кубтік мили. грамм әрі қарай - мг/м <sup>3</sup> )) | ны ластайтын заттардың шекті жіберілген концен. трациясы (N 3086-84 мг/м <sup>3</sup> ) |                           |
| 1  | 2                    | 3  | 4   | 5                         |
| 1  | Азот диоксиді        | 2,0  | 0,085   | III/III                   |
| 2  | Азот оксиді          | 5,0  | 0,6   | III                       |
|    |                      | (N 0 2   | арн .   | қ а й т а е с е п т е у ) |
| 3  | Ампициллин           | 0,1  | 0,005 (ӘШҚД)  | II                        |
| 4  | Аминазин (Диметил-   | 0,3  |   | II                        |
|    |                      | а м и н о п р о п и л - )  |   | 3 -                       |
|    |                      |  | х л о р ф е н о т и а з и н -   |                           |
|    |                      |  | х л о р г и д р а т )   |                           |
| 5  | Аммиак               | 20,0   | 0,2   | IV                        |
| 6  | Ацетон               | 200,0  | 0,35  | IV                        |
| 7  | Бензилпенициллин     | 0,1  |   | II                        |
| 8  | Бензол               | 15,0   | 1,5   | II                        |
| 9  | Сутегі хлориді       | 5,0  | 0,2   | II                        |
| 10 | Диэтильді эфир       | 300,0  |   | IV                        |
| 11 | Ингалан (1,1-дифтор- | 200,0  |   | IV                        |
|    |                      |  | 2 , 2 - д а х л о р э т и л м е т и -   |                           |
|    |                      |  | л о в ы й   |                           |
|    |                      |  | э ф и р )   |                           |
| 12 | Күкірт қышқылы       | 1,0  | 0,3   | II                        |
| 13 | Сірке қышқылы        | 5,0  | 0,2   | III                       |
| 14 | Ксилол               | 50,0   | 0,2   | III                       |



|     |  |   |  |        |
|-----|--|---|--|--------|
| 15  | Меркаптандар                               | 0,8   | 9.10.6   | II     |
| 16  | Метилметакрилат                            | 10,0  | 0,1  | III    |
| 17  | Озон                                       | 0,1   | 0,16   | I      |
| 18  | Тотығу                                     | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 1997 жылғы 18 тамыздағы N 408 бұйрығымен бекітілген методикалық ұсыныстарға сәйкес |  |        |
| 19  | Оксациллин                                 | 0,05  |  | I      |
| 20  | Шаң  | 6.0   | 0,5  | IV     |
| 21  | Сынап                                      | 0,01  | 0,0003   | I      |
| 22  | Қорғасын                                   | 0,01  | 0,0003   | I      |
| 23  | Күкіртсутек                                | 10,0  | 0,008  | II     |
| 24  | Стирол                                     | 30,0  | 0,04   | III/II |
| 25  | Стрептомицин                               | 0,1   | 0,005 (ОБУВ)                                     | I      |
| 26  | Тетрациклин                                | 0,1   | 0,01   | II     |
| 27  | Толуол                                     | 150,0   | 0,6  | III    |
| 28  | Трихлорэтилен                              | 10,0  | 4,0  | III    |
| 29  | Көмірсутек диоксині                        | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 1997 жылғы 18 тамыздағы N 408 бұйрығымен бекітілген методикалық ұсыныстарға сәйкес |  |        |
| 30  | Фторотан (1,11-                            | 20,0  |  | III    |
|     |  |   | Т р и ф т о р -<br>2 - х л о р б р о м э т а н ) |        |
| 31  | Флоримицин                                 | 0,1   |  | II     |
| 32  | Формальдегид                               | 0,5   | 0,035  | II     |
| 33. | Фенол                                      | 0,3   | 0,01   | II     |
| 34. | Хлорлы этил                                | 50,0  |  | IV     |
| 35. | Күйдіргіш сілтілер<br>(NaOH қайта есептеу) | 0,5   | 0,01(ӘШҚД)                                       | II     |

"Ауруханалық, ана мен бала денсаулығын қорғау ұйымдарының құрылымына және оларды пайдалану барысына қойылатын талаптар туралы" санитарлық ережелер мен нормаларға



т и к а л ы қ

л а б о р а т о .

р и я л а р

7 Патолого. + + + - - - - - - - +

а н а т о м и я л ы қ

б ө л і м ш е л е р

( л а б о р а т о .

р и я л а р )

8 Рентген + - - - - + + - - + -

к а б и н е т т е р

9 Функциональ.+ + + - - + + - - - -

д и а г н о с .

т и к а

10 Физиоте. + + + - + + + - - - -

р а п е в т и к а л ы қ

к а б и н е т

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы :

! Б ө л і м ш е . ! !

!лер ! \_\_\_\_\_ !

! ! ! \_\_\_\_\_ !

! ! \_\_\_\_\_ !

! ! ! Көмірсутек ! Меркаптаны ! Сілті қышқыл. !

! ! ! ! дары, органи. !

! ! ! ! калық еріткіш. !

! ! ! ! тер !

! \_\_\_\_\_ ! \_\_\_\_\_ ! \_\_\_\_\_ ! \_\_\_\_\_ !

1 О п е р а . - - -

ц и я л ы қ

2 О п е р а ц и я - - -

ж а с а р а л д ы

3 С т е р и л и . - - -

з а ц и я л ы қ

4 А қ ы л ы - - -

б ө л і м ш е л е р

( п а л а т а л а р ,

е м қ о л д а н а т ы н

|    |                         |   |   |                         |
|----|-------------------------|---|---|-------------------------|
|    |                         |   |   | б ө л м е л е р )       |
| 5  | Р е а н и м а .         | + | + | -                       |
|    |                         |   |   | ц и я л ы қ ,           |
|    |                         |   |   | о п е р а ц и я .       |
|    |                         |   |   | д а н к е й і н г і ,   |
|    |                         |   |   | к ү й г е н д е р г е   |
|    |                         |   |   | а р н а л ғ а н         |
|    |                         |   |   | п а л а т а л а р       |
| 6  | К л и н и к а .         | - | - | +                       |
|    |                         |   |   | л ы қ -                 |
|    |                         |   |   | д и а г н о с .         |
|    |                         |   |   | т и к а л ы қ           |
|    |                         |   |   | л а б о р а т о .       |
|    |                         |   |   | р и я л а р             |
| 7  | П а т о л о г о .       | - | + | -                       |
|    |                         |   |   | а н а т о м и я л ы қ   |
|    |                         |   |   | б ө л і м ш е л е р     |
|    |                         |   |   | ( л а б о р а т о .     |
|    |                         |   |   | р и я л а р )           |
| 8  | Р е н т г е н           | - | - | -                       |
|    |                         |   |   | к а б и н е т т е р     |
| 9  | Ф у н к ц и о н а л ь . | - | - | -                       |
|    |                         |   |   | д и а г н о с .         |
|    |                         |   |   | т и к а                 |
| 10 | Ф и з и о т е .         | + | - | -                       |
|    |                         |   |   | р а п е в т и к а л ы қ |
|    |                         |   |   | к а б и н е т           |

---

"Ауруханалық, ана мен бала денсаулығын қорғау ұйымдарының құрылымына және оларды пайдалану барысына қойылатын талаптар туралы" санитарлық ережелер мен нормаларға  
3 - қ о с ы м ш а

Аурухана үй-жайларындағы физикалық және радиациялық факторлардың өлшемдері

---

- - - - -

N ! Бөлімшелері ! Анықталатын көрсеткіштер физикалық және  
 ! ! радиациялық факторлар  
 ! !  
 ! ! шуыл!эл. стат ! Электрлі-магниттік өріс !  
 ! ! !өрістің !  
 ! ! !кернеуі !0,06-300 !ӨЖЖ ағын!лазерлік!Рентген.  
 ! ! ! !МГц !ның тығыз!сәуленің!дік сәу.  
 ! ! ! !диап. ЖЖ !дығы !деңгейі !ленің  
 ! ! ! !деңгейі ! ! !деңгейі  
 ! ! ! ! ! ! ! !  
 ! ! ! ! ! ! ! !

|    |                  |   |   |   |                       |                       |   |
|----|------------------|---|---|---|-----------------------|-----------------------|---|
| 1. | Операциялық      | - | - | - | -                     | +                     | + |
| 2. | Операция алдында | - | - | - | -                     | -                     | - |
| 3. | ғандар           | + | - | - | -                     | -                     | - |
| 4. | Палаталы бөлім   | + | - | - | -                     | -                     | - |
|    |                  |   |   |   | ( п а л а т а ,       | емдеу                 |   |
|    |                  |   |   |   | б ө л м е л е р і )   |                       |   |
| 5. | Реанимациялық,   | + | - | - | -                     | -                     | - |
|    |                  |   |   |   | о п е р а ц и я д а н | кейі.                 |   |
|    |                  |   |   |   | н г і ,               | к ү й г е н д е р г е |   |
|    |                  |   |   |   | а р н а л ғ а н       | п а л а .             |   |
|    |                  |   |   |   | т а л а р             |                       |   |
| 6. | Лабораториялар   | + | + | + | -                     | -                     | - |
| 7. | Рентген-кабинеті | + | - | - | -                     | -                     | + |
| 8. | Функционалдық    | + | + | + | +                     | +                     | + |
|    |                  |   |   |   | д и о г н о с т и к а |                       |   |
|    |                  |   |   |   | б ө л і м ш е с і     |                       |   |
| 9. | Физиотерапевтік  | - | + | + | +                     | +                     | + |
|    |                  |   |   |   | к а б и н е т         |                       |   |

М а м а н д а р :  
 О м а р б е к о в а А . Т .

Қасымбеков Б.А.

